

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы үлгі зейнетақы шарттарын бекіту туралы" 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 138 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 28 мамырдағы N 166 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 8 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 3721. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009 жылғы 27 ақпандағы N 36 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009 жылғы 27 ақпандағы N 36 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27, 30-баптарына сәйкес, жинақтаушы зейнетақы жүйесінің айқындылық дәрежесін және оның қызмет етуінің тиімділігін арттыру, міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының және жинақтаушы зейнетақы қорларынан зейнетақы төлемдерін алушылардың құқықтары мен міндеттерін қорғау мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) **Басқармасы** **ҚАУЛЫ** **ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы үлгі зейнетақы шарттарын бекіту туралы" 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 138 қаулысына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 2345 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" N 12 ресми баспасөз басылымдарында 2003 жылғы 2-15 маусымда жарияланған), Агенттік Басқармасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 113 қаулысымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2860 тіркелген), Агенттік Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы N 306 қаулысымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен (Қазақстан

Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3229 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 - қ о с ы м ш а д а :

жоғарғы оң бұрышындағы "Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы үлгі шарттарды бекіту туралы" деген сөздер алып тасталсын;

5-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) жазбаша сұрату бойынша Қордың, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың және дауыс беретін акциялардың он және одан астам (халықтық акционерлік қоғамда бес және одан астам) процентіне иелік ететін кастодиан банктің акционерлері туралы мынадай а қ п а р а т т ы а л у ғ а :

жеке тұлғаға қатысты: фамилиясы, аты, әкесінің аты, азаматтығы, қатысу ү л е с і (п р о ц е н т п е н) ;

заңды тұлғаға қатысты: толық және қысқартылған атауы, орналасқан жері (почталық индексі, қаласы, көшесі, үй нөмірі, телефоны, факсы, электрондық адресі), мемлекеттік тіркеу, бірінші басшы (фамилиясы, аты, әкесінің аты) және қатысу үлесі (процентпен) туралы деректер;"

2 - қ о с ы м ш а д а :

Ерікті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы үлгі зейнетақы шартында (жеке тұлға болып табылатын Салымшы үшін):

жоғарғы оң бұрышындағы "Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы үлгі шарттарды бекіту туралы" деген сөздер алып тасталсын;

5-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) жазбаша сұрату бойынша Қордың, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың және дауыс беретін акциялардың он және одан астам (халықтық акционерлік қоғамда бес және одан астам) процентіне иелік ететін кастодиан банктің акционерлері туралы мынадай ақпаратты осындай ақпаратты беру кезінде Қордың шеккен нақты шығындарынан аспайтын ақыға алуға:

жеке тұлғаға қатысты: фамилиясы, аты, әкесінің аты, азаматтығы, қатысу ү л е с і (п р о ц е н т п е н) ;

заңды тұлғаға қатысты: толық және қысқартылған атауы, орналасқан жері (почталық индексі, қаласы, көшесі, үй нөмірі, телефоны, факсы, электрондық

адресі), мемлекеттік тіркеу, бірінші басшы (фамилиясы, аты, әкесінің аты) және қатысу үлесі (процентпен) туралы деректер;" ;

Үшінші тұлғаның пайдасына ерікті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы үлгі зейнетақы шартында:

жоғарғы оң бұрышында "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 138 "Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы үлгі шарттарды бекіту туралы" қаулысына 2-қосымша" деген сөздер алып тасталсын;

6-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) жазбаша сұрату бойынша Қордың, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың және дауыс беретін акциялардың он және одан астам (халықтық акционерлік қоғамда бес және одан астам) процентіне иелік ететін кастодиан банктің акционерлері туралы мынадай а қ п а р а т т ы а л у ғ а :

жеке тұлғаға қатысты: фамилиясы, аты, әкесінің аты, азаматтығы, қатысу ү л е с і (п р о ц е н т п е н) ;

заңды тұлғаға қатысты: толық және қысқартылған атауы, орналасқан жері (почталық индексі, қаласы, көшесі, үй нөмірі, телефоны, факсы, электрондық адресі), мемлекеттік тіркеу, бірінші басшы (фамилиясы, аты, әкесінің аты) және қатысу үлесі (процентпен) туралы деректер;" ;

6-1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) жазбаша сұрату бойынша Қордың, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың және дауыс беретін акциялардың он және одан астам (халықтық акционерлік қоғамда бес және одан астам) процентіне иелік ететін кастодиан банктің акционерлері туралы мынадай а қ п а р а т т ы а л у ғ а :

жеке тұлғаға қатысты: фамилиясы, аты, әкесінің аты, азаматтығы, қатысу ү л е с і (п р о ц е н т п е н) ;

заңды тұлғаға қатысты: толық және қысқартылған атауы, орналасқан жері (почталық индексі, қаласы, көшесі, үй нөмірі, телефоны, факсы, электрондық адресі), мемлекеттік тіркеу, бірінші басшы (фамилиясы, аты, әкесінің аты) және қатысу үлесі (процентпен) туралы деректер;" ;

3 - қ о с ы м ш а д а :

жоғарғы оң бұрышындағы "Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы үлгі шарттарды бекіту

туралы" деген сөздер алып тасталсын;

6-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) жазбаша сұрату бойынша Қордың, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың және дауыс беретін акциялардың он және одан астам (халықтық акционерлік қоғамда бес және одан астам) процентіне иелік ететін кастодиан банктің акционерлері туралы мынадай а қ п а р а т т ы а л у ғ а :

жеке тұлғаға қатысты: фамилиясы, аты, әкесінің аты, азаматтығы, қатысу ү л е с і (п р о ц е н т п е н) ;

заңды тұлғаға қатысты: толық және қысқартылған атауы, орналасқан жері (почталық индексі, қаласы, көшесі, үй нөмірі, телефоны, факсы, электрондық адресі), мемлекеттік тіркеу, бірінші басшы (фамилиясы, аты, әкесінің аты) және қатысу үлесі (процентпен) туралы деректер;"

2. Осы қаулы 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енеді.

3. Бағалы қағаздар рыногының субъектілерін және жинақтаушы зейнетақы қорларын қадағалау департаменті (Тоқобаев Н.Т.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р а л а р ы н қ о л ғ а а л с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" Заңды тұлғалар бірлестігіне және "Активтерді басқарушылар қауымдастығы" Заңды тұлғалар бірлестігіне жіберсін.

4. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс бөлімі (Пернебаев Т.Ш.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында ресми түрде жариялау шараларын қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Е.Л.Бахмутоваға жүктелсін.

Төраға